

Медициналық қызмет туралы мәлімет

Мектеп-лицей-интернат ғимаратының бірінші қабатында медициналық блок орналасқан. Медициналық блоктың қызметі 2010 жылғы 18 қараша күні Медициналық қызметпен айналысу үшін берілген 14006705 номерлі Лицензияның және осы Лицензияға қосымшаның рұқсаты негізінде жүзеге асырылады. Ерекше шарттары: мерзімі шектелмеген. Лицензиар: Қызылорда облысының Денсаулық сақтау басқармасы. Қызылорда облысы әкімшілігі.

Медициналық блок жұмыс уақытында штат бойынша жоғары санатты жалпы тәжірибелік дәрігермен, жоғары санатты мейіргермен қамтылған, алғашқы медициналық-санитарлық көмек толық көлемде көрсетіледі.

Медициналық блок 3 бөлмеден тұрады: қабылдау бөлмесі, емшара бөлмесі, оқшаулау бөлмесі. Қабылдау бөлмесінде балалар ауырып келген жағдайда, қажеттілігіне қарай, алғашқы көмек көрсетіледі. Бұл бөлмеде: 2 жұмыс үстелі, құжаттарды сақтауға арналған шкаф, салмақ өлшеуге арналған таразы, бой өлшегіш, күшетка, түмбалар бар.

Емшара бөлмесінде жұмыс үстелі, дәрі-дәрмектерді сақтауға арналған шкаф, медициналық шкаф, медициналық шкаф шокқа қарсы дәрі-дәрмектермен қамтылған, тоңазытқыш, термоконтеинер, әйнек үстел, шынтақтық раковина, антисептик, қағаз сұлгі бар. Алғашқы медициналық көмек көрсетуге арналған дәрі-дәрмектер бар. 2024 жылға оқушылардағы сырқаттанушылыққа байланысты берілетін дәрі-дәрмектер үшін 800000 теңге бөлінді, игеріліп жатыр.

Оқшаулау бөлмесі тынығуға лайықталып жабдықталған 4 палатамен, ас қабылдау бөлмесімен қамтылған. Палатада кереуеттер, түмбалар бар. Балаларда дene қызуы көтерілген жағдайда, ата-анасы келгенге дейін бала оқшауланады. Оқушылар сырқаттанып қалған жағдайда алғашқы медициналық көмек көрсету үшін, барлық медициналық жабдықтармен, дәрі-дәрмектермен қамтамасыз етілген.

Жарақаттың алдын алу мақсатында іс-шаралар ұйымдастырылады және жедел жәрдем қобдишасы барлық дәрі-дәрмектермен жабдықталған. Лицей-интернат әкімшілігіне оқушылардың денсаулығы және сырқаты жөнінде мәліметтер беріліп отырды.

Лицей-интернатта санитарлық-гигиеналық жұмыстар КР ДСМ 2021 жылы 6 тамызда №23890 бекітілген, №76 бұйрығына сай орындалуда. Санитарлық талаптарға сай оқу бөлмелерде, дәліздерде күн сайынғы дымқыл жұмыстар сабактың аяқталуынан кейін өткізіледі.

Жаңадан қабылданған оқушылардың бала паспорты мен №063 медициналық формасы реттеледі. Оқу жылдарының басынан бастап оқушылардың жеке басының тазалықтары Санитарлық талаптарға сай тексеріліп, тиісті журналдарға толтырылды.

Жатақхана аптасына бір рет тексеріліп тұрады. Күнделікті таңғы уақытта оқушылар бөлмені босатқаннан соң, жатақхананың іші толықтай жинастырылады. Жатын бөлмелер мен демалыс бөлмелері күнде жедетіліп отырды. Төсек жабдықтары апта сайын жуылдып, ауыстырылады. Сондай-ақ,

асхана тазалығы мен тамақ даярлау сапасы тексеріледі және оқушылардың дұрыс тамақтануы қадағаланады.

Лицей-интернаттың оқу ғимаратында асханасында, жатақханасында денсаулық бұрыштары жасалған.

Жыл сайын Денсаулық күніне орай дene шынықтыру пәнінің мұғалімдерімен бірлесе отырып, оқушылар түрлі жаттығулар жасайды. Салауатты өмір салтының мамандарымен, наркобекет мамандарымен бірлесе отырып, жыл бойынша оқушылар арасында семинар сабактар, дөңгелек үстел, кездесу секілді іс-шаралар өткізілді. Сәуір айында жоспарға сәйкес 10-11 сынып арасында әскерге шақырылған оқушыларды АӘТД мұғалімімен бірге медициналық тексеруден және әскери комисариаттан өтуі қадағаланды.

2024-2025 оқу жылының басында жылдық жұмыс жоспары бекітілді, жоспарға сәйкес жұмыс жүргізілуі қадағаланады. Осы оқу жылында 256 бала жоспарға сәйкес жұмыс жүргізілуі қадағаланады. Соның ішінде «Д» есепте тұратын оқушылар есепке алынды, білім алады. Соның ішінде «Д» есепте тұратын оқушылар есепке алынды, денсаулық тобы анықталды және сауықтыру жұмыстары жүргізіледі. денсаулық тобы анықталды және сауықтыру жұмыстары жүргізіледі. денсаулық тобы анықталды және сауықтыру жұмыстары жүргізіледі.

Дене шынықтыру пәнінен 3 оқушы босатылды, оқушылардың денсаулық тобы анықталды және олардың қанша уақытқа босатылғаны жайлы мектеп тарапынан бұйрық шығарылды. Босатылған оқушылар тізімі: Батыrbеков Мирас, Мусахмет Дильназ, Серік Айсұлу.

Флюорографиядан осы оқу жылында 9-10-11 сыныптар арасында 15-17 жастағы 156 бала өткізілді. Нәтижесінде ешқандай ақаулар анықталған жок. Жоспар бойынша 2008 жылы туылған оқушыларға АДСМ екпесі тұрғылықты мекен-жайы бойынша салынды. Бұл екпе дифтерия, сіреспе, көкжөтел ауруларының алдын-алу үшін егіледі.

2024-2025 оқу жылының басында барлық оқушылар тар буынды мамандардан - көз дәрігері, хирург, эндокринолог, невропатолог, ортопед мамандарына қаралып, оқушыларды медициналық тексеруден өткізілді. Нәтижесінде анықталған қажеттілігіне қарай дәрігерлік кеңестер берілді.

2024 жылы Облыстық білім басқармасынан жолданған хатқа сүйене отырып, «24-ақпан мен 24-наурыз -Туберкулезге қарсы айлығы» өтті. Көктем, күз маусымдарында жұқпалы вирустық инфекциялардың алдын алу, тұмаудың алдын алу, кене шағудың алдын алу жөніндегі тақырыптарға оқушылар арасында көрнекі слайдтар, брошюралар таныстырылып, сабак-дәрістер өткізілді. Тәрбиешілер мен кураторлар арасында алғашқы медициналық көмек көрсету жөнінде тақырыпқа дәріс оқылды, хаттамалар толтырылды.

Мектеп-лицей-интернат қызметкерлері жаңа оқу жылы қарсаңында медициналық блок қызметкеріне толық медициналық тексеруден өтіп, медициналық кітапшаларын тапсырады.